

## **Теректі ауданы Ақсуат ауылдық округінің Ақсуат, Магистральный, Әйтиев ауылдарының атаусыз көшелеріне атаулар беру туралы**

Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы Ақсуат ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 23 шілдедегі № 12 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 11 тамызда № 3975 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңдарын басшылыққа ала отырып, Ақсуат, Магистральный, Әйтиев ауылдары халқының пікірін ескере отырып және Батыс Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде, Ақсуат ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Теректі ауданы Ақсуат ауылдық округінің Ақсуат, Магистральный, Әйтиев ауылдарының атаусыз көшелеріне атаулар берілсін:

1) Ақсуат ауылы бойынша:

"1К" жобалық көшесі – "Жаңа өмір" көшесі;

"2К" жобалық көшесі – "Бейбітшілік" көшесі;

"3К" жобалық көшесі – "Әділет" көшесі;

2) Магистральный ауылы бойынша:

"1К" жобалық көшесі – "Достық" көшесі;

"2К" жобалық көшесі – "Астана" көшесі;

"3К" жобалық көшесі – "О. Исаев" көшесі;

3) Әйтиев ауылы бойынша:

"1К" жобалық көшесі – "Тәуелсіздік".

2. Ақсуат ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы (М. Саматова) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялауын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК